


Шешендік сөздер



**Шешендік
арнау**



**Шешендік
толғау**



Шешендік дау

Шешендік өнердің ерекшеліктері

Ауызда, халық жадында
сақталған.

Авторы халық.

Адам сөзді тыңдай білген жағыдайда шешен бола алады.

(Қайқауыс)

Не қажет болса, соның бәрін айту, артық сөз айтпау –
нағыз шешендік деген сол.

(Ф.Ларошфуко)



Ұлы жүздің төбе биі

Төле би



Орта жүздің төбе биі

Қаз дауысты Қазыбек би



Кіші жүздің төбе биі

Әйтеке би

- Атақты шешендер
- Мемлекет және қоғам қайраткерлері
- Тәуке ханның кеңесшілері
- «Жеті жарғы» әдет-ғұрып заң жинағын шығаруға үлес қосқан билер
- Ұлт тәуелсіздігі мен бостандығын, татулық пен бірлігін насихаттаушылар

Бір үйдің баласы болма,
Көп үйдің баласы бол.
Бір елдің атасы болма,
Бар елдің данасы бол.

Өзіңе-өзің әміл болма,
Халқыңа әділ бол.
Жауыңа қатал болма,
Досыңа адал бол.

(Төле би)

Алтын ұяң - әйелің қымбат,
Құт-береке – атаң қымбат.
Аймалайтын – анаң қымбат,
Мейірімді – апаң қымбат.

(Қазыбек би)

Арадан шыққан жау қиын,
Таусылмайтын дау қиын.
Шанышқыласа сөз қиын,
Жазылмаса дерт қиын,
Іске аспаса серт қиын.

(Әйтеке би)

Сабақты қорытындылау:

Ей, перзентім, білгенің жөн адам үш түрлі болады. Адамның бірінші түрі - біледі және білген сайын білгісі келеді, бұлар ғалымдар тобына жатады. Бұлардың айтқанына риза болу керек. Екінші түрі – біледі, біле тұра “білмеймін” дейді. Бұлар ұйқыдағы зұлымдар, олардан сақ болған жөн. Үшіншісі – білмейді және білгеннің тілін алмайды. Олар ессіз надандар. Бұлар аулақ жүру керек.

(Қайқауыс)